

## **Бөкей ордасы ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы**

Батыс Қазақстан облысы Бөкей ордасы ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 18 қаңтардағы № 2 қаулысы

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңдарын басшылыққа ала отырып, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Бөкей ордасы ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Л. Т. Қайырғалиеваға жүктелсін.

*Аудан әкімі*

*Н. Рахымжанов*

2016 жылғы 18 қаңтардағы № 2

Бөкей ордасы ауданы

әкімдігінің қаулысына

қосымша

## **Бөкей ордасы ауданы әкімдігінің күші жойылған кейбір қаулыларының тізбесі**

1. 2015 жылғы 16 қаңтардағы № 5 "2015 жылға нысаналы топтарға жататын адамдардың қосымша тізбесін белгілеу туралы" Бөкей ордасы ауданы әкімдігінің қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3797 тіркелген, 2015 жылғы 24 ақпандағы "Орда жұлдызы" газетінде жарияланған).

2. 2015 жылғы 16 қаңтардағы № 7 "Бөкей ордасы ауданы бойынша 2015 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" Бөкей ордасы ауданы әкімдігінің қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3814 тіркелген, 2015 жылғы 10 наурыздағы "Орда жұлдызы" газетінде жарияланған).

3. 2015 жылғы 18 тамыздағы № 107 "Бөкей ордасы ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы мен қағидаларын бекіту туралы" Бөкей ордасы ауданы әкімдігінің қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4034 тіркелген, 2015 жылғы 13 қазандағы "Орда жұлдызы" газетінде жарияланған).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК